

Маңызды стратегиялық мәні бар қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 1272 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес ішкі су жолдарында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Республикалық мемлекеттік қазыналық су жолдары кәсіпорындары (қосымшаға сәйкес) маңызды стратегиялық мәні бар ретінде кеме қатынасы жолдары мен гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерді) күтіп ұстау және дамыту жөніндегі қызметтер көрсетудің жеткізушілері болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

1) кеме қатынасы жолдары мен гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерді) күтіп ұстау және дамыту жөніндегі қызметтер көрсетуді сатып алуға бөлінген ақшаны ұтымды әрі тиімді жұмсау қағидатының сақталуын қамтамасыз етсін;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1272 қаулысына қосымша

Республикалық мемлекеттік қазыналық су жолдары кәсіпорындарының тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникациялар министрлігінің
Павлодар су жолдары республикалық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Павлодар қаласы
2. Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникациялар министрлігінің

- Шығыс Қазақстан су жолдары
 республикалық мемлекеттік
 қазыналық кәсіпорны Өскемен қаласы
3. Қазақстан Республикасы Көлік және
 коммуникациялар министрлігінің
 Семей су жолдары республикалық
 мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Семей қаласы
4. Қазақстан Республикасы Көлік және
 коммуникациялар министрлігінің
 Орал су жолдары республикалық
 мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Орал қаласы
5. Қазақстан Республикасы Көлік және
 коммуникациялар министрлігінің
 Атырау су жолдары республикалық
 мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Атырау қаласы
6. Қазақстан Республикасы Көлік және
 коммуникациялар министрлігінің
 Балқаш су жолдары республикалық
 мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қарағанды облысы
7. Қазақстан Республикасы Көлік және
 коммуникациялар министрлігінің Іле
 су жолдары республикалық
 мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы облысы